

# МЕМОРАНДУМ

№01

Білім беру жүйесінде инновациялық процестерді қолдау мен дамытудағы  
Зияткерлік-шығармашылық іс-шаралар бойынша  
ынтымақтастық және бірлескен қызмет көрсету туралы

Түркістан қаласы

«05» «Май» 2022 ж.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы Білім беруді дамыту орталығы мекемесінің директоры тұлғасында «Бірінші тарап» Б.Төлібет, екінші тараптан «Білім шыңы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Б.А. Есен жасасты және мына төмендегілер туралы ынтымақтастық және бірлескен қызмет көрсетуге келісімге келді:

## 1. МЕМОРАНДУМ МӘНІ.

1.1. Осы Меморандумның негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» ісін жүзеге асыру мақсаттары көзделеді.

1.2. Білім беру жүйесінде инновациялық процестерді қолдау мен дамытудағы Зияткерлік-шығармашылық іс-шаралар ұйымдастыруды «Бірінші тарап» «Екінші тараппен» бірлесіп өзара көмек қызметтерін көрсетуге, өзара ақпараттар алмасуға, бірлескен жобаларға қатысуға және де басқа да ҚР заңнамаларына қайши келмейтін іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыруға келісті.

Зияткерлік-шығармашылық іс-шаралар арқылы педагог мамандардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік біліктілігін үздіксіз жетілдіру, оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен қаруландыра отырып, шығармашылық жұмыстарына жол көрсету, білімдегі инновациялық жаңа науқарларды қолдау және ұйымдастыру, яғни мұғалім мамандығын жетілдіру және оларды қолдау, ынталандыру мақсатында марапаттау. Сондай-ақ, дарынды оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін анықтау, оқушылардың білімдерін терендешту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, зияткерлік әлеуетті дамыту, ақпараттық қолдау көрсету және женімпаздарды марапаттау жұмыстарын жүзеге асырады.

1.3. «Тараптар» бір-біріне өзара тиімді шарттарда ұйымдастыру қызметтерінің барлық түрлерін көрсете алады.

1.4. «Тараптар» өзіне қажет болмаған жағдайда немесе іс-шараларға қатысты қызметтерді толық орындан шығуға мүмкіндігі болмаған жағдайда бір-бірінің ұсыныстарын қабылдамауға құқылы.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

2.1. «Тараптар» бірлескен қызмет немесе іс-шараларды өткізу барысында бір-біріне белгілі болған қызметтік құпияға жататын мәліметтерді жарияламауға міндеттенеді.

2.2. «Тараптар» айрықша құқықтарды қорғау саласында бір-біріне көмек көрсетеді.

**2.3. «Тараптардың» бірлескен қызметі өзара тиімді шарттар негізінде жүзеге асырылады.  
«Тараптар» бір-бірінің қызметі үшін төлемақы төлемейді.**

### **3. ФОРС – МАЖОРЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.**

3.1. Егер меморандум орындау барысында, «Тараптар» өз міндеттемелерін уақытында орындауға кедергі жасайтын жағдайлармен кез келген уақытта кездессе, міндеттемені орындауға бөгет болған факті, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы бір-біріне жазбаша ескерту жіберулері тиіс.

3.2. «Тараптар» ескерту алғаннан кейін жағдайға баға беріп, өзінің қарауынша, меморандумдағы міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартады.

### **4. КЕЛІСНЕУШІЛІКТЕРДІ ШЕШУ.**

4.1. «Тараптар» осы меморандум негізінде бірлескен іс-эрекеттен туындастырылғанда келіспеушіліктерді келіссөздер мен консультациялар арқылы ынтымақтастықпен шешуге тырысады.

### **5. МЕМОРАНДУМНЫҢ МЕРЗІМІ.**

5.1. Осы меморандум «Тараптар» қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 жылға дейін жарамды.

5.2. Меморандум «Тараптардың» меморандумың бұзылғаны туралы бір-біріне жазбаша ескерту жібергеннен соң 2 айдан соң өз күшін жояды.

### **6. БАСҚА Да ТАЛАПТАР.**

6.1. Осы меморандумға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Толықтырулар мен өзгертулер жазбаша түрде ресімделіп тараптармен қол қойылады және осы меморандумың ажырамас болігі болып табылады.

6.2. Осы меморандум екі данада қазақ тілінде түзілген. Барлық даналар бірдей құқықтық күшке ие. меморандум тараптарының әр қайсысында бір данадан беріледі.

### **7. ТАРАПТАРДЫҢ КЕЛІСІМ ҚОЛДАРЫ МЕН МӨРЛЕРІ:**

Түркістан облысы адами әлеуетті  
дамыту басқармасы  
“Білім беруді дамыту орталығы”  
мекемесінің директоры

«Білім шыны» қоғамдық бірлестігінің  
төрайымы, «Білім шыны-Ғылым сиро»  
журналының бас редакторы



Б. Төлімбет



Б. А. Есен